

«Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің біліктілікті арттыру курстарын қашықтан оқытудың офертасы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жария шарт жасасу туралы оферта (бұдан әрі – Оферта) «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі, бұдан әрі «Мекеме» деп аталып, бір жағынан, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының тыңдаушыларына Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 393-398 - баптарына сәйкес біліктілікті арттыру курстарында оқыту жөніндегі шартты (бұдан әрі- Оқу жөніндегі шарт) жасасу үшін шарттың барлық елеулі ережелерін қамтитын ресми ұсынысын білдіреді.

1.2. ҚР АҚ 395 бабының 1 бөлігіне сәйкес, шарт жасасу туралы бір немесе бірнеше нақты жақтарға жасалған ұсыныс, егер ол жеткілікті дәрежеде айқын болып, ұсыныс жасаған жақтың ол қабылданған жағдайда (акцепт) өзін сонымен байланысты деп есептеу жөніндегі ниетін көрсетсе, оферта деп танылады. Егер ұсыныста шарттың елеулі ережелері немесе оларды анықтау тәртібі көрсетілсе, ол жеткілікті дәрежеде айқын деп табылады. Офертаға жасалған акцепт – біліктілікті арттыру курстарында оқуға келісім беру, ҚР АҚ 396 бабына сәйкес Оферта жолданған жақтың оны қабылдағаны туралы жауабы акцепт деп танылады. Акцепт толық әрі бұлтарыссыз болуға тиіс. Осы шартқа акцепт жасай отырып, тапсырыс беруші өзінің құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін растап, Мекемемен шарттық қатынастарда болу құқығын жүзеге асырады. Шартқа толық әрі бұлтарыссыз акцепт жасау (әрі қарай – Акцепт) осы Шарттың 3 бөліміндегі ережелерге сәйкес педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының ақысын төлеу арқылы жасалады. Акцепт Тапсырыс беруші осы Шарттың барлық ережелерімен келісетіндігін білдіреді және Шарт жасасумен тең дәрежеде қабылданады.

Жоғарыда аталғандарға сәйкес, Шарт ережелерімен мұқият танысыңыз. Егер сіз Шарттың қандай да бір ережесімен келіспесеңіз, мекеме сізге Акцептен бас тартуды ұсынады.

2. ОФЕРТАНЫҢ МӘНІ

2.1. Мекеме қашықтан оқыту жүйесін, сондай-ақ Интернет желісінің өзге де құралдарын қолдана отырып, педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын (бұдан әрі – Курс) Тыңдаушының қашықтан оқуы арқылы жүргізеді.

3. ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

3.1. Курстардың құны мекеме бағасының Прейскурантына сәйкес айқындалады.

3.2. Осы Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші курстардан өткенге дейін 100% мөлшерде жүзеге асырады. Курстарға қол жеткізу тыңдаушыға төлем бойынша берешегі болмаған жағдайда ғана беріледі.

3.3. Курстарға ақы төлеу:

- мекеменің есеп шотына қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша,
- мекеменің кассасына қолма-қол ақша қаражатымен.

3.4. Мекеме тыңдаушыдан Курстарда оқу ақысын растайтын және/немесе төлемді қабылдаудан және қабылдаудан бас тарту туралы құжаттарды сұратуға құқылы.

3.5. Төлем күні-бұл мекеменің ағымдағы шотына ақша аударылған күн болып саналады.

3.6. Тыңдаушы өзі жүргізген төлемдердің дұрыстығына дербес жауап береді. Мекеменің банктік деректемелері және/немесе төлемдерді жүзеге асырудың басқа тәсілдері жаңа деректемелер жарияланған сәттен бастап және/немесе мекеменің сайтында төлемдерді жүзеге асыру тәсілдері өзгерген кезде тыңдаушы ескірген деректемелер және/немесе төлемдерді жүзеге асырудың ескірген тәсілі бойынша жүргізілген төлемдер үшін дербес

жауапты болады.

3.7. Төлем Мекеменің есеп айырысу шотына түскеннен кейін тыңдаушыға курстан өтуге рұқсат беріледі.

3.8. Тыңдаушы төлеген ақша қаражатын қайтару мынадай жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- Мекеменің кінәсінен белгіленген мерзімде қызмет көрсетілмесе;

-Тыңдаушы қызмет көрсету басталғанға дейін ақшалай қаражатты қайтару туралы өтініш жасаса.

3.9. Тыңдаушы дәлелсіз себептермен Шарттың 4.3.3. тармағына сәйкес курстарға келмеген жағдайда, шарт бойынша төленген сома қайтаруға жатпайды.

3.10. Курстарда оқу білім беру платформасында, жеке аккаунтта өтеді.

3.11. Тыңдаушы тыңдаушыларды есепке алу туралы электрондық жүйесінде тіркеуден өтеді. Тіркелгеннен кейін e-mail мекенжайына курсқа шақыру жіберіледі. Курста авторизациялау және оқу үшін тыңдаушы осы хабарламаны ашып, шақыруды қабылдауы керек.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Мекеме:

4.1.1 Офертаның 2.1.-тармағында көрсетілген ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, Курсты тиісті қашықтан өткізуді;

4.1.2 ҚОЖ-ға авторизациялау үшін логин мен паролді енгізу жолымен Мекеменің курсы бағдарламасының барлық материалдарына тыңдаушының қол жеткізуін;

4.1.3 Курстан оқудан өткен Тыңдаушыға Мекеменің орындалған оқу жүктемесі мен курстардың тақырыбын көрсете отырып, белгіленген үлгідегі QR-коды бар мекеменің электрондық сертификатын беруге **міндеттенеді**.

4.2 Тыңдаушы:

4.2.1 осы Шарттың 3-тарауында көзделген тәртіппен курс ақысын уақтылы төлеуге;

4.2.2 оқудан өту үшін қажетті және жеткілікті ақпараттық-коммуникациялық құралдарының болуын, оған ҚОЖ-ға қол жеткізуді қамтамасыз ететін жабдықтар мен байланыс арналарының жарамды техникалық жай-күйін қолдауды, интернетті пайдалануға қол жеткізе алуды;

4.2.3 ТЕЭЖ-ге есепке алу жазбасын (тіркеуге) жасау үдерісінде өзі туралы сенімді ақпарат беруді;

4.2.4 оқу жоспарына сәйкес ҚОЖ-дағы Курсқа уақытында қосылуды (авторизациялауды);

4.2.5 Мекеменің ауызша немесе жазбаша сауалдарын алған сәттен бастап уақытында Мекемеге оқудан өту үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ тек сенімді мәліметтерді ғана тапсыруды;

4.2.6 Курсқа уақытында қатысуды, Мекеме бағдарламаларында қарастырылған тапсырмалардың барлық түрін белгіленген мерзімінде орындауды;

4.2.7 Мекеменің оқытушыларына, оқытатын қосалқы және өзге де қызметкерлеріне құрмет көрсетуді, олардың ары мен намысына қол сұқпауды;

4.2.8 өзінің әрекетімен Мекемеге материалдық зиян келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзінің есебінен келтірген зиянның орнын уақытында толтыруды;

4.2.9 Мекеме мен оның филиалдарында Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу ережесін сақтауды;

4.2.10 Оферта бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауға қиындық келтіретін себептер туындаған жағдайда Оферта талаптарын орындай алмау мүмкіндігі туралы Мекемеге тиісті себептер туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды ұсына отырып, жазбаша (электронды) формада ақпарат беруді;

4.2.11 Курста оқу кезінде оған белгілі болған Мекеменің қызметіне қатысты құпия ақпараттарды таратпауды;

4.2.12 оқу жоспарына сәйкес Офертаның 2.1.-тармағында көрсетілгендей, уақытында толық курстан өтіп аяқтауды;

4.2.13 дербес деректерді өңдеу туралы Келісімге қол қоюды;

4.2.14 кез келген бейнехостингідегі жабық қолжетімсіз орналасқан оқу материалдарын қайта өндіруге, қайталауға, көшіруге, сатуға, басқа жаққа жіберуге болмайтынын, сондай-ақ Курста оқуға қатысты оған қолжетімді ақпараттар мен материалдарды тек жеке басы үшін ғана қолдану үшін болмаса, әлдебір басқа мақсаттарға пайдалануға болматынын;

4.2.15 Мекеме ұсынған оқу деректерін үшінші тұлғаға бермеуге;

4.2.16 Курстарда оқу кезінде белгілі болған мекемелердің Авторлық құқық объектісі болып табылатын курстың мазмұнын, оқу бағдарламаларын коммерциялық мақсатта пайдаланбау, жария етпеу, көбейтпеу, көшірімеу, үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

4.3 Мекеме:

4.3.2 Тыңдаушыдан қажет болған кезде оқуды аяқтағаны туралы есепті және соған қатысты басқа да материалдарды (таныстырылымдар, сауалнама, портфолио, бейнематериалдар және т.б.) талап етуге;

4.3.3 Қазақстан Республикасы педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары тыңдаушыларының арыз-шағымдары мен өтініштерін қарау жөніндегі комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) қарауына енгізу үшін оқу үдерісіне қатысты мәселелер бойынша Тыңдаушыдан өтініш қабылдауға;

4.3.3. Мекеме комиссия шешімі және мекеме директорының бұйрығы негізінде тыңдаушыны курстардан келесі себептер бойынша шығаруға құқылы:

1) тыңдаушының жазбаша өтініші негізінде өз еркімен, тыңдаушыны курстарда оқыту бойынша мекеме шеккен шығындарды міндетті түрде ұстап қалуымен;

2) курстардың оқу сабақтарын өткізуіне байланысты жалпы ұзақтығы кемінде:

- 80 академиялық сағат, себепсіз 24 академиялық сағаттан артық,

-40 академиялық сағат, себепсіз 8 академиялық сағаттан артық,

- тыңдаушының курстарда болмауының дәлелді себепін растайтын тиісті құжаттарды ұсынбастан, мекеменің тыңдаушыны курстарда оқыту бойынша шеккен шығындарын шартта белгіленген мерзім ішінде міндетті түрде ұстап қалуымен;

3) мекеменің тыңдаушыны курстарда оқыту бойынша шеккен шығындарын міндетті түрде ұстай отырып, ағымдағы және аралық бақылау шеңберінде тыңдаушының академиялық берешегі үшін;

4) екі аптадан астам мерзімде "мектептегі тәжірибе" кезеңі кезеңінде тыңдаушының дербес оқу қызметінің тоқтатылуына және тыңдаушының дербес оқу қызметінің тоқтатылғанын куәландыратын мән-жайлар баяндалған мекеме және/немесе оның филиалдары басшылығының атына тиісті қызметтік хат жолдауына байланысты;

5) тыңдаушыны курстарда оқыту бойынша мекеме шеккен шығындарды міндетті түрде ұстай отырып, ереже нормаларын бұзған жағдайда;

6) тыңдаушының денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтама-қорытындысы негізінде және тыңдаушының мекеме атына берген жазбаша өтініші негізінде тыңдаушыны курстарда оқыту бойынша мекеменің шеккен шығындарын міндетті түрде ұстап қалумен;

7) отбасы жағдайлары бойынша жақын туыстары қайтыс болған, ұзақ ауырған, науқастарды күту қажет болған және т. б. жағдайда, тыңдаушының мекеме мекенжайына берген жазбаша өтініші негізінде, мекеменің тыңдаушыны курстарда оқыту бойынша шеккен шығындарын міндетті түрде ұстап қалуымен растаушы құжаттарды қоса бере отырып;

8) ерекше мән – жайлар бойынша-қайтыс болуына, хабар-ошарсыз кеткен деп танылуына және т. б. байланысты, тыңдаушыны курстарда оқыту бойынша мекеменің шеккен шығындарын міндетті түрде ұстай отырып, растайтын құжаттарды қоса бере отырып;

9) тыңдаушыны курстарға жіберген білім беру ұйымының жазбаша қолдаухаты негізінде, тыңдаушыны курстарда оқыту бойынша мекеменің шеккен шығындарын міндетті түрде ұстап қалумен тыңдаушыны оқудан шығарудың дәлелді себебін растайтын тиісті құжаттарды ұсына отырып Курстан оқудан шығаруға құқылы.

4.4. Тыңдаушы:

4.4.1. Оферта талаптарына сәйкес Курста оқып, сапалы білім алуына;

4.4.2. Комиссия қарауына тиісті өтініш-шағымдарымен жүгінуге;

4.4.3. растайтын құжаттарды ұсына отырып, белгілі себептер бойынша курста үзілген оқуын аяқтауға құқылы.

5 ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Офертаға байланысты даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар дауларды сотқа дейінгі шешуді (келіссөздер жүргізу, хат алмасу) жүзеге асыруға міндеттенеді. Дауларды сотқа дейін тәртіпте шешуге мүмкіндік болмаған жағдайда Тараптар Мекеменің орналасқан орны бойынша сотқа жүгінуге құқылы.

5.2. Осы Оферта бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

5.3. Тыңдаушының кінәсінен мекеменің құпия ақпараты ашылған жағдайда, соңғысы мекемеге келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен толық көлемде өтейді.

5.4. Мекеме курс тыңдаушысы тарапынан мекеменің авторлық және сабақтас құқықтары бұзылған жағдайда сотқа жүгінуге құқылы.

6 ОФЕРТАНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

6.1 Осы Оферта Тыңдаушының Акцептіні қабылдаған сәтінен бастап күшіне енеді және Тараптардың өздеріне қабылдаған міндеттемелерін толық орындаған сәтіне дейін әрекет етеді.

6.2 Оферта тыңдаушының жазбаша өтініші, комиссия шешімі және мекеме директорының бұйрығы негізінде бұзылуы мүмкін.

7 ФОРС-МАЖОР

7.1 Оферта бойынша егер де олар еңсерілмейтін күштің пайда болуы, яғни эпидемия, су тасқыны, өрт, жер сілкінісі,, табиғат апаттары, соғыс сияқты Акцепттен кейін туындаған Тараптардың бақылауына ие бола алмайтын мұндай төтенше және қайтарылмайтын осындай жағдай кезінде өздеріне алған міндеттемелерін орындау мүмкіндігі болмағанда Тараптар міндеттемелерін орындаудан босатылады және т.с.с.

7.2 Форс-мажорлық жағдайларға сілтеме жасай отырып, Тараптар осындай жағдай болған сәттен бастап 1 (бір) күнгізбелік күн ішінде басқа тарапқа бұл туралы хабарлауға міндетті және оларды растау үшін құзыретті мемлекеттік органның құжаттарын ұсынуы тиіс.

8 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Офертаға барлық өзгертулер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша ғана енгізіледі және жазбаша рәсімделеді.

8.2 Осы Офертамен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттеледі.

9 МЕКЕМЕНІҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

«Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі

Мекен жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1-ғимарат.

БИН 110840015752

ИИК KZ06998ВТВ0000487888

БИК (SWIFT) TSESKZKA

«First Heartland Jusan Bank» АҚ

КБе 18

Договор публичной оферты по обучению на курсах повышения квалификации частного учреждения «Центр педагогического мастерства» дистанционно

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий Договор публичной оферты (далее – Договор) представляет собой официальное предложение частного учреждения «Центр педагогического мастерства», именуемое в дальнейшем «Учреждение», к слушателям курсов повышения квалификации педагогов именуемые в дальнейшем «Заказчик», совместно именуемые как «Стороны», содержащий в себе все существенные условия для заключения договора по обучению на курсах повышения квалификации (далее – Договора по обучению) в соответствии со статьями 393-398 Гражданского Кодекса Республики Казахстан (далее - ГК РК).

1.2. В соответствии с пунктом 1 статьи 395 ГК РК офертой признается предложение о заключении договора, сделанное одному или нескольким конкретным лицам, если оно достаточно определено и выражает намерение лица, сделавшего предложение, считать себя связанным в случае его принятия (акцепта). Предложение является достаточно определенным, если в нем указаны существенные условия договора или порядок их определения. Акцепт оферты – согласие на обучение на курсах повышения квалификации, в соответствии со статьёй 396 ГК РК акцепт – это ответ лица, которому адресована оферта, о ее принятии. Акцепт должен быть полным и безоговорочным. Совершая действия по акцепту настоящего Договора, Слушатель подтверждает свою правоспособность и дееспособность, а также свое законное право вступать в договорные отношения с Учреждением. Полным и безоговорочным согласием заключить Договор (далее – Акцептом) является выраженное согласие с его условиями, путем внесения оплаты курсов повышения квалификации педагогов в соответствии с главой 3 настоящего Договора. Акцепт означает, что Слушатель согласен со всеми положениями настоящего Договора и равносителен заключению Договора на обучение.

В связи с вышеизложенным, внимательно прочитайте текст Договора. Если Вы не согласны с каким-либо пунктом Договора, Учреждение предлагает Вам отказаться от Акцепта.

2 ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

2.1. Учреждение проводит дистанционное обучение Слушателя на курсах повышения квалификации педагогов (далее – Курсы) посредством образовательной платформы, а так же с использованием иных средств сети Интернет.

3. ПОРЯДОК ОПЛАТЫ И ПОРЯДОК ОКАЗАНИЯ УСЛУГИ.

3.1. Стоимость Курсов определяется в соответствии с прейскурантом цен Учреждения.

3.2. Оплата по настоящему Договору осуществляются Заказчиком в 100 % размере до прохождения Курсов. Доступ к Курсам предоставляется Слушателю только при условии отсутствия задолженности по оплате.

3.3. Оплата Курсов может производиться:

- по безналичному расчету на расчётный счет Учреждения,
- наличными денежными средствами в кассу Учреждения.

3.4. Учреждение вправе запросить у Слушателя документы подтверждающие оплату за обучение на Курсах и/или об отказе в приеме и зачислении платежа.

3.5. Датой платежа считается дата зачисления денежных средств на расчётный счет Учреждения.

3.6. Слушатель самостоятельно несет ответственность за правильность производимых им платежей. При изменении банковских реквизитов Учреждения и/или иных способов осуществления платежей с момента опубликования новых реквизитов и/или способов осуществления платежей на сайте Учреждения, Слушатель самостоятельно несет ответственность за платежи, произведенные по устаревшим реквизитам и/или устаревшим способом осуществления платежей.

3.7. После поступления оплаты на расчетный счет Учреждения Слушателю представляется доступ к прохождению Курса.

3.8. Возврат уплаченных Слушателем денежных средств может быть осуществлен в случаях:

- услуга не оказана по вине Учреждения в установленный срок;
- слушатель до начала оказания услуги обратился с заявлением о возврате денежных средств.

3.9. В случае неявки слушателя по неуважительной причине в соответствии с п. 4.3.3. Договора, оплаченная сумма возврату не подлежит.

3.10. Обучение на Курсах проходит на образовательной платформе, под личным аккаунтом.

3.11. Слушатель проходит регистрацию в Электронной системе учета слушателей. После регистрации, приглашение высылается на указанный им e-mail адрес. Для авторизации и обучения на Курсе, слушателю необходимо открыть данное сообщение, и принять приглашение.

4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

4.1. Учреждение обязуется:

4.1.1. провести соответствующие Курсы дистанционно с использованием информационно-коммуникационных технологий, указанные в пункте 2.1. Договора;

4.1.2. представить слушателю доступ ко всем материалам, программе курса Учреждения путем представления логина и пароля для авторизации в образовательной платформе;

4.1.3. выдать Слушателю, прошедшему обучение на Курсах, электронный сертификат Учреждения с QR-кодом установленного образца с указанием выполненной учебной нагрузки и тематики Курсов.

4.2. Слушатель обязуется:

4.2.1. своевременно оплатить Курсы в порядке предусмотренном главой 3 настоящего Договора;

4.2.2. иметь информационно-коммуникационные средства необходимые и достаточные для прохождения обучения, поддерживать в исправном техническом состоянии оборудование и каналы связи, обеспечивающие ему доступ к образовательной платформе, иметь функционирующий доступ в интернет;

4.2.3. предоставлять достоверную информацию о себе в процессе создания учетной записи (регистрации) в Электронной системе учета слушателей;

4.2.4. своевременно подключаться (авторизоваться) к Курсу на образовательной платформе согласно учебному плану;

4.2.5. своевременно с момента получения устного или письменного запроса Учреждения предоставлять Учреждению необходимые документы для прохождения обучения на Курсах, а также предоставлять только достоверные сведения;

4.2.6. своевременно посещать Курсы, выполнять в установленные Учреждением сроки все виды заданий, предусмотренные программой;

4.2.7. проявлять уважение к преподавательскому, учебно-вспомогательному и иному персоналу Учреждения, не посягать на их честь и достоинство;

4.2.8. в случае причинения своими действиями материального ущерба Учреждению своевременно за свой счет возместить нанесенный ущерб в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

4.2.9. ознакомиться и соблюдать Правила организации и проведения курсов повышения квалификации педагогов и работников организаций образования в частном учреждении «Центр педагогического мастерства» и его филиалах (далее- Правила);

4.2.10. в случае наступления обстоятельств, затрудняющих надлежащее исполнение обязательств по Договору, в письменной (электронной) форме информировать Учреждение о невозможности выполнения условий Договора в течение 3 (трех) рабочих дней с момента наступления соответствующих обстоятельств с приложением подтверждающих документов;

4.2.11. не разглашать конфиденциальную информацию, связанную с деятельностью Учреждения, ставшую ему известной при обучении на Курсах;

4.2.12. пройти и своевременно закончить полный курс, указанный в пункте 2.1. Договора, согласно учебному плану;

4.2.13. подписать Соглашение об обработке персональных данных;

4.2.14. не воспроизводить, не повторять, не копировать, не продавать, не отправлять ссылки на обучающие материалы, размещенные в закрытом доступе на любом видеохостинге, а также не использовать в каких-бы то ни было целях информацию и материалы, ставшие ему доступными в связи с обучением на Курсе, за исключением личного использования;

4.2.15. не передавать учетные данные, представленные Учреждением третьим лицам.

4.2.16. не использовать в коммерческих целях, не разглашать, не тиражировать, не копировать, не передавать третьим лицам содержание Курса, учебные программы, являющиеся объектом авторского права Учреждения, ставшие известные при обучении на Курсах.

4.3. Учреждение имеет право:

4.3.1. затребовать у Слушателя при необходимости отчет о завершении обучения и другие сопутствующие материалы (презентации, анкеты, портфолио, видеоматериалы и т.п.);

4.3.2. принимать заявление от Слушателя по вопросам, касающимся процесса обучения для внесения их на рассмотрение Комиссии по рассмотрению обращений и заявлений слушателей курсов повышения квалификации педагогов Республики Казахстан (далее - Комиссия);

4.3.3. отчислить слушателя с Курсов на основании решения Комиссии и приказа директора Учреждения по следующим причинам:

1) по собственному желанию на основании письменного заявления слушателя с обязательным удержанием Учреждением затрат, понесенных Учреждением по обучению Слушателя на Курсах;

2) в связи с пропуском учебных занятий курсов общей продолжительностью не менее:

- 80 академических часов без уважительной причины более 24 академических часов;
- 40 академических часов без уважительной причины более 8 академических часов;
- без предоставления соответствующих документов, подтверждающих уважительную причину отсутствия Слушателя на Курсах с обязательным удержанием Учреждением затрат, понесенных Учреждением по обучению Слушателя на Курсах, в течение срока, установленного Договором;

3) за академические задолженности Слушателя в рамках текущего и промежуточного контролей с обязательным удержанием Учреждением затрат, понесенных Учреждением по обучению Слушателя на Курсах, установленного Договором;

4) в связи с прекращением самостоятельной учебной деятельности слушателя в период этапа «практика в школе» в срок более двух недель и направлением соответствующего служебного письма на имя руководства Учреждения и/или его филиалов с изложением обстоятельств, свидетельствующих о прекращении самостоятельной учебной деятельности Слушателя;

5) при нарушении норм Правил с обязательным удержанием Учреждением затрат, понесенных Учреждением по обучению Слушателя на Курсах;

6) по состоянию здоровья слушателя на основании справки-заключения врачебно-консультационной комиссии и на основании письменного заявления Слушателя в адрес Учреждения с обязательным удержанием Учреждением затрат, понесенных Учреждением по обучению Слушателя на Курсах;

7) по семейным обстоятельствам в случае смерти, продолжительной болезни близких родственников, необходимости ухода за больными и т.п., на основании письменного заявления слушателя в адрес Учреждения с приложением подтверждающих документов, с обязательным удержанием Учреждением затрат, понесенных Учреждением по обучению Слушателя на Курсах;

8) по особым обстоятельствам – в связи со смертью, признанию пропавшим без вести и др., с приложением подтверждающих документов, с обязательным удержанием Учреждением затрат, понесенных Учреждением по обучению Слушателя на Курсах;

9) на основании письменного ходатайства организации образования, направившей слушателя на курсы, с предоставлением соответствующих документов, подтверждающих уважительную причину отчисления слушателя с обязательным удержанием затрат, понесенных Учреждением по обучению Слушателя на Курсах.

4.4. Слушатель имеет право:

4.4.1. на получение качественного обучения на Курсах в соответствии с условиями Договора;

4.4.2. обращаться с соответствующим обращением на рассмотрение Комиссии;

4.4.3. на завершение прерванного курса обучения по уважительной причине с предоставлением подтверждающих документов.

5. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН И ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ

5.1. Стороны в случае возникновения споров и разногласий, связанных с настоящим Договором, обязуются применять досудебный порядок урегулирования спора (переговоры, переписка). В случае невозможности урегулирования спора в досудебном порядке стороны вправе обратиться в суд по месту нахождения Учреждения.

5.2. За неисполнение либо ненадлежащее исполнение обязательств по настоящему Договору, стороны несут ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

5.3. В случае раскрытия конфиденциальной информации Учреждения по вине Слушателя, последний возмещает Учреждению нанесенный ущерб в полном объеме в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

5.4. Учреждение в праве обратиться в суд в случае нарушения авторских и смежных прав Учреждения Слушателем Курсов.

6. СРОК ДЕЙСТВИЯ ОФЕРТЫ

6.1. Настоящий Договор вступает в силу с момента принятия Акцепта Слушателем и действует до момента полного исполнения принятых на себя обязательств Сторонами.

6.2. Договор может быть расторгнут на основании письменного заявления слушателя, решения Комиссии и приказа директора Учреждения.

7. ФОРС-МАЖОР

7.1. Стороны освобождаются от исполнения обязательств по Договору, если они докажут, что это было вызвано непреодолимой силой, то есть чрезвычайными и непредотвратимыми при данных условиях обстоятельствами, находящимися вне контроля Сторон, возникшими после Акцепта, такими как эпидемия, наводнение, пожар, землетрясение, стихийные бедствия, войны, влекущие невозможность исполнения взятых

на себя обязательств и т.д.

7.2. Сторона, ссылающаяся на форс-мажорные обстоятельства, обязана уведомить об этом другую сторону в течение 1 (одного) календарного дня с момента наступления таких обстоятельств и предоставить для их подтверждения документ компетентного государственного органа.

8. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

8.1. Все изменения и дополнения к Договору вносятся только по согласованию Сторон и оформляются письменно.

8.2. Вопросы, не урегулированные настоящим Договором, регулируются законодательством Республики Казахстан.

9. РЕКВИЗИТЫ УЧРЕЖДЕНИЯ:

Частное учреждение

«Центр педагогического мастерства»

Адрес: 010000, Республика Казахстан,

г. Нур-Султан, ул. Хусейн бен Талал, дом № 21/1

БИН 110840015752

ИИК KZ06998BTV0000487888

БИК (SWIFT) TSESKZKA

АО «First Heartland Jusan Bank»

КБе 18